

«Алақай, жайдарлы жаз келді!»
жазғы-сауықтыру кезеңінің «Ортаңғы» Айналайын » тобы _____ **перспективалық жоспары**
2022 жылға арналған

Өткізілетін шаралардың атаулары	Жұмыс мазмұны	Өткізу мерзімі
1-апта (01.06-03.06) «Бақытты балалық шақ»		
«Әрқашан күн сөнбесін!»	<p>Ұ.ОҚ: Сурет салу Тақырыбы: «Күн жарқырап, шөп шықты» (дөңгелек үлгісі) Мақсаты: Фломастермен түзу сызықтар арқылы күн сәулесін салу әдісін дамыту, Балалардың қиялын дамыту, күн сәулесінің жылуының пайдасы туралы түсінік беру. Күнді сүйеге, нәзіктікке тәрбиелеу. Шөптерді қылқаламның ұшымен салу тәсілі арқылы бейнелеуді үйрету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Шығармашылық қабілеттерін дамыту.</p> <p>Д/о: Түрлі түсті шарлар</p> <p>Ойын шарты: Педагог үстел үстіне 5 жасыл шардан қатарға тізіп қояды да балаларға осынша сары шарды қоюды ұсынады. Балалар жасыл және сары шарды саны бірдей етіп орналастырады. Тәрбиеші жасыл шардың көлемін өзгертіп (кіші немесе үлкен) арақашықтығын алыстатады Балалар үстелде қанша жасыл шар болса, сонша сары шар болатынына көздерін жеткізу керек. Балалар санайды, бәрін бірге және түстері, көлемдері бойынша санайды.</p>	01.06
«Мен және мені қоршаған орта»	<p>Ұ.ОҚ: Дене шынықтыру Тақырыбы: «Шеңберден шеңберге аттау».</p> <p>Мақсаты: Жүруден жүгіруге және керісінше ауысу.</p>	02.06

	<p>Спорттық іс-шара: «Біз күштіміз, ептіміз»</p> <p>Қимылды ойын: «Не? Қайда?»</p> <p>Ойын шарты: Балалар шеңбер құрады. Педагог шеңбер ортасында тұрады. Кез келген балаға допты лақтырып, сұрайды: — «Сенің сол жағыңда кім тұр?» Дұрыс жауап берген бала шеңбер ортасында жүргізуші болады және ойын жалғасады (құлақтарына сыбырлап айтуына болады). Сұрақтар: Сенің оң жағыңда кім бар? Сенің алдында не тұр? Сенен кейін кім тұр? Анау бала оң жағыңда ма әлде сол жағыңда ма?</p>	
<p>«Мультфильмдер елінде»</p>	<p>Ұ.ОҚ: Музыка</p> <p>Тақырыбы: : «Ғажайып сәт»</p> <p>Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерін кіргізу арқылы ғажайып сәт сыйлау. Әуенге әсерлену.</p> <p>Ән тыңдау: «Ертегі» Б.Жұмабекова</p> <p>Ән айту: «Шар» Б.Дәлденбаев</p> <p>Әуенді ырғақты қимыл-ойын:</p> <p>«Күлдіргішпен билейміз»</p> <p>Д/о: «Үш гүл - үш түрлі көңіл күй» ойыны</p> <p>Ойынның мақсаты: Көңілді, сабырлы, мұнды музыкалық шығармаларды ажырата білуге үйрету. Есту қабілеттерін дамыту, тапқырлыққа баулу.</p> <p>Ойынның шарты: Әр балаға үш гүлдің суреті бейнеленген карточкалар беріледі. Гүлдерде күлімсіреге , жылап тұрған және сабырлы адамның кейпі бейнеленген. Балалар шығарманы тыңдап, көңіл күйін анықтап, сәйкес карточканы көрсетеді.</p>	<p>03.06</p>

	<p>Ұ.ОҚ: Қоршаған ортамен танысу.</p> <p>Тақырыбы: «Үй жануарлары және жабайы аңдар»</p> <p>Д/о «Жабайы аңдар мен үй жануарлары»</p> <p>Ойын шарты: Зообаққа әкелінген аңдар мен құстар, үй жануарларын торлауға орналастыру қажет. Балалар пілді, түйені үлкен торға, қоян, тиін кіші торға орналастыруы қажет. Бала неліктен олай орналастырғанын, яғни піл үлкен, қоян кіші сондықтан үлкен торға пілді, қоянды кіші торға орналастыр.</p>	
2-апта (06.06-10.06) «Шеберлер елінде» (жүн апталығы)		
«Құрақ көрпе»	<p>Ұ.ОҚ: Сөйлеуді дамыту</p> <p>Тақырыбы: «Әжемнің құрағы»</p> <p>Мақсаты: геометриялық пішіндерден өрнектер құрастыруға жаттықтыру; әжейдің құрағын орналастыру әдістерін және элементтердің бірізділігі мен арақашықтығын сақтауды үйрету;</p> <p>Ұқыпты жұмыс істеуге тәрбиелеу;</p> <p>Ептіліктерін дамыту.</p> <p>Д/о: «Отбасы»</p> <p>Ойын шарты: Слайдта отбасы мүшелерінің суреттері көрсетіледі. Балалар, суреттен кімдердің бейнелерін көріп тұрсындар? (Сурет бойынша отбасы мүшелерін атайды: әже, апа, әпке, ата, әке, аға.)</p>	06.06
«Аңдар мен аңшылар»	<p>Ұ.ОҚ: Жаратылыстану</p> <p>Тақырыбы: «Жабайы аңдар»</p>	07.06

	<p>Мақсаты: Жабайы аңдардың тіршілік ететін аумағы туралы түсіндіре отырып, бұл аңдардың (күшті, сақ, епті) қасиеттері туралы түсіндіру. Жабайы жануарларды танып, атай білу және сыртқы ерекшеліктерін ажырата білу дағдыларын жетілдіру</p> <p>Жануарлар туралы бейнефильм көру</p> <p>Д/о: Аңдарды қоректендір</p> <p>Мақсаты: 1 саны және цифры туралы алғашқы білімдерін бекту; қоршаған орта туралы білімдерін кеңейту</p> <p>Ойын шарты: Тақтада аңдардың суреті ілінген ,ал тамақтың суреті тәрбиеші үстеліне қойылған.</p> <p>- Сен қалай ойлайсың ,бананды қай аңға береміз? Апарып бер. Сен пілдің баласына неше банан бердің? Осы цифрды ата және көрсет. Басқа аңдармен де осындай жұмыс жүргізіледі.- Ал аю ненім жақсы көреді? Әрине,болады.</p> <p>- Жолақтары бар карточканы алыңдар. Солдан оңға қарай жоғарғы жолақты , содан кейін төменгі жолақты саусақтарыңмен жүргізіндер.</p> <p>- Енді жоғарғы жолақтың сол жағына бір аюдықой. Тәрбиеші бірнеше баладан неше аюдан қойғандарын сұрайды.</p> <p>- Төменгі жолаққа сол жақтан оңға қарай балы бар көп бөшкелерді қойыңдар (фишкалар) Тәрбиеші бірнеше баладан жекелей сұрай</p>	
<p>«Мейірімді достарым</p>	<p>ҰОҚ Сурет салу Тақырыбы: «Достық мерекесі» (шарлар)</p>	<p>08.06</p>

	<p>Мақсаты: Халықтар достығы мерекесі туралы жайлы түсініктерін жетілдіру. Қылқаламды пайдаланып үзік сызықтарды қосу арқылы сурет салу дағдыларын бекіту. Салынған суреттерді дәстүрден тыс әдістер арқылы бояуға үйрету.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Түрлі – түсті шарлар» Ойын шарты: Өздеріне ұнаған түспен сурет салу, салған суреттерін өз достарына сыйлау.</p>	
«Саялы бақ»	<p>Ұ.ОҚ: Дене шынықтыру Тақырыбы: (Негізгі қимылдар) Балаларды еңбектеу және қос аяқпен секіру жаттығуларының тәртібін толық, дұрыс орындауға үйрету. Бір-біріне кедергі жасамауларын арақашықтарын сақтауға дағдыландыру Қимылды ойын:«Көбелектер» Д/о: «Гүл терейік» Ойын шарты: Гүлдерді түстерімен сәйкестендіріп жинау.</p> <p>Ұ.О.Қ Мүсіндеу Тақырыбы: «Менің сүйікті жемісім» Мақсаты: Созу тәсілдерін пайдалана отырып, элементтерді қарапайым заттарға біріктіру және ыдыстағы жемістерді мүсіндеуге үйрету. Таза, ұқыпты орындауға қол жеткізу. Дидактикалық ойын: «Қайсысы артық?» Ойын шарты: жемістермен, көкөністерді ажырату, артығын тану, не қайда өсетінін айту.</p>	09.06
«Ертегі сыр шертеді»	<p>Ұ.ОҚ:Музыка Тақырыбы: «Ертегілер,ертегілер» әні</p>	10.06

	<p>Мақсаты: Балалардың ертегіге деген қызығушылықтарын арттырып, тіл байлықтарын байыту, ертегіні рөлдерге бөліп ойнау арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ертегі арқылы балаларды қайсарлыққа, мейрімділікке, адамгершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.</p> <p>Д/о «Ертегініні ойнайық»</p> <p>Ойынның мақсаты: Ертегілер туралы <u>білімдерін</u> балалардың фонетикалық есту қабілетін және сөйлеу тілін жетілдіру.</p> <p>Ойын шарты:</p> <p>Тәрбиеші балаларға өткен ертегілерін естеріне түсіріп, содан кейін ертегі кейіпкерлерінің <u>дауысын өзгерте отырып</u>, қандай ертегі кейіпкерінің дауысы екенін анықтауын сұрайды. Мысалы «Қызыл телпек» ертегісін естеріне түсіреді. Қызыл <u>телпектің дауысы төмен дауыс, әженің дауысы ортаңғы дауыспен</u>, ал қасқырды жоғары <u>дауыс ырғағына сала отырып, ертегіні айтып береді</u>, содан кейін қандай кейіпкердің дауысы екенін табуын сұрайды.</p>	
--	---	--

3-апта (13.06-17.06) «Жазда келді көңілді»

<p align="center">«Сабын көпіршіктер күні»</p>	<p>Ұ.ОҚ: Сөйлеуді дамыту</p> <p>Тақырыбы: «Сабын көпіршіктері»</p> <p>Мақсаты: Сабақ барысында балалардың сөздік қорын байыту, ой қабілеттерін дамыту. Балаларды дұрыс жуына білуге дағдыландыру, киімдердің атын дұрыс атай білуге баулу, шешінгенде киімдерін дұрыс қоюға, балаларды су мен сабынды пайдалана білуге үйрету. Тәжірибе жасау арқылы сабын көпіршіктері туралы түсініктерін кеңейту. Табиғат сырларын</p>	<p align="center">13.06</p>
--	--	-----------------------------

	<p>танып білуге баулу. Зерттеу әрекеттерін, құралдарды ұқыптылықпен ұстау дағдыларын қалыптастыру. Тәжірибенің көмегімен алған білімдерін қорытындылай білуге үйрету. Өз беттерімен және бірігіп жұмыс істеуге қарым - қатынастарын қалыптастыру. Тәжірибе жасау қызығушылыққа және ұжымда жұмыс жасауға тәрбиелеу.</p> <p>Жабдықтар: «Көпіршік» (үрмелі шар), хат, сандық сабынмен бала саны бойынша, алжапқыштар және қалпақтар, су құятын, майлықтар, сабын салғыш, сабынды көпіршікті үрлеу үшін түтіктер, стақан, бояу, ватман.</p> <p>Д/О «Қажетті суретті тап»</p> <p>Ойын шарты:</p> <p>Балалар қораптағы суреттердің ішінен тақтаға ілінген сурет мазмұнына сәйкес заттарды алып, үстелге қояды. Не істегені туралы айтады. Мәселен сабынның суретін алса: «Мен сабын алдым. Сабынмен киім жуады, сабыннан көпіршіктер жасауға болады. Қасық ағаштан, (металдан) жасалынған. Бұл үлкен қасық. Онымен сорпа ішеміз», - деп жауап береді. Ойынның соңында балалар ойынға қатысты заттардың суретін салады.</p>	
<p>«Теңіздегі тіршілік»</p>	<p>Ұ.ОҚ: Құрастыру</p> <p>Тақырыбы: «Теңіз тіршілігіне саяхат»</p> <p>Мақсаты: Су асты әлемі туралы білімдерін тереңдету.</p> <p>Балықтар жайлы мағлұмат беру. Балықтар, сегізаяқ, тасбақа бейнесін қиып, су асты әлемін құрастыруда ұқыпты жұмыс істеу іскерліктерін дамыту. Жұмысты бірлесіп істеуге, бір-біріне көмектесуге, ұқыптылыққа баулу.</p>	<p>14.06</p>

Су асты әлемінің тіршілік иелеріне сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.

Д/о: «Қайық» (ұсақ құрылыс материалдарымен жұмыс)

Ойын шарты: 1. қайықтың пішіні қандай? дұрыс қайықтың алдыңғы жағы үшбұрышқа ұқсайды, артқы жағыда төртбұрыштың қабырғасына ұқсайды. Бізге үшбұрышқа ұқсайтын бөлшек керек, үшбұрыш бөлшегін қояды. (көрсетеді)

2. қайықтың үстіне қандай құралды қоямыз? Дұрыс тағы кірпіштерді бұрыштарын дұрыс бұрыштарын келтіріп қоямыз. Қайықтың қыры қандай? дұрыс биік болды

3. қайықтың ішіне орындықтарды орнатамыз өйткені құртақандар шаршап қалады сондықтан орындықты қалай жасаймыз? Дұрыс екі кірпішті көлденен қоямыз, «ол орындықтың отыратын жері болады», ал пластинаны қырымен үстіне қаратып қоямыз, бұл орындықтың арқалғы бола

Ұ.ОҚ: Жаратылыстану

Тақырыбы: «Теңіз астына саяхат»

Мақсаты: балаларды теңіз астындағы жәндіктермен және олардың түрін, су астында қалай тіршілік ететінін таныстыру; теңіз астындағы ерекше жәндік түрлерімен таныстырып білімін көтеру; шығармашылық жұмыс барысында балалардың ой- өрісін және сөздік қорын дамыту. Табиғаттың бір бөлігі теңіз жәндіктеріне қызығушылығын арттырып оларды қорғауға, қамқор болуға тәрбиелеу.

Д/о «Суреттерді ретіне қарай топтастыр»

Ойын шарты: Суда тіршілік ететін жануарлар мен жерде тіршілік ететін жануарлар суреттері берілген. Осы суреттерді ретіне қарай топтастыру қажет. Ол үшін теңіздің суреті бейнеленген суретке суда тіршілік ететін

	жануарлар суретін, ал жердің суреті бейнеленген суретке жерде тіршілік ететін жануарлар суретін топтастыру.	
«Атамның ауылы»	<p>Ұ.ОҚ: Сурет салу Тақырыбы: «Атамның ауылында» Мақсаты: Ауылдың суретін саламыз. Түзу сызықтарды дұрыс сызу және бояй білу дағдыларын қалыптастыру. Бояу түсіп таңдай білу, сурет салуға қызығушылығын арттыру. Үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу.</p> <p>Д/о «Шатасқан суретші»</p> <p>Ойын барысы: зейінді дамыту және 10-ға дейін санай алу. Ойын шарты: Суретшінің қатесін табу керек. Телефондағы нөмірлер дұрыс орналаспаған, сондықтан шеңбер дискісіне сандар топтамасын дұрыс ретпен орналастыру қажет.</p>	15.06
«Табиғат аясында»	<p>Ұ.ОҚ: Денешынықтыру Тақырыбы: «Шынықсаң шымыр боласың» Мақсаты: (негізгі қимылдар) Меңгерген іскерлік, ептілік дағдыларын бекіту. Тура жолмен жүруге үйрету. Орынында тұрып қос аяқпен секіруге үйрету. Шағын топпен жүру, жүгіру кезінде қолды еркін қалыпта ұстап жүруге жаттықтыру. Тәрбиешінің тапсырмасын орындап, тыңдау, белгі бойынша тоқтау дағдыларын баулу.</p> <p>Қ/о «Паравоз» Ойын шарты: Балалардың бірінің артына бірі тіркеліп тұрып паравоз сияқты жүруге, өлең жолдарын қайталап айтуға үйрету. Мазмұны: Қатар - қатар тұрайық, Кәне, кәне, сұрайық. Кімнің болса бойы ұзын, Паравозы пойыздың Кімнің, апай, бойы ұзын? Паравозы ол пойыздың?!</p>	16.06

	<p>Тәрбиеші бойы ұзын баланы көрсетеді. Сол бала паравоз болып алда тұрады. Ал қалғандары соның артынан ұстап тұра бастайды.</p> <p>Ал, паравоз баста алға, Бәрімізді басқар да! Пш - пш, пш - пш!- біз кеттік Жүрісті біз гулетіп Жүрісті біз гулетіп Гу - гу, гу - гу, гуілдеп Қалып қойма бірінде Пш - пш, пш - пш!- біз кеттік жүрісті біз үдеттік.</p>	
<p>«Күн, ауа,су,» ойын сауығы</p>	<p>Ұ.ОҚ: Музыка Тақырыбы: «Күн,ауа,су-біздің достарымыз»</p> <p>Мақсаты: Музыкалық және шулы ойыншықтардың <u>дыбысталуын ажыратуға, ересектермен бірге ән салуға</u>, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету</p> <p>Д/о: «Тірі және өлі табиғатты ажырату»</p> <p>Ойын шарты: Балалар бүгінгі оқу қызметін меңгергенімізді білу үшін «Ия–ия, Жоқ-жоқ» ойынын ойнап жіберейік.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Өзендерден, балдан аққан суды ішуге болмайды. 2. Жеміс-жидектерді, көкөністерді жумай жеуге болмайды. 3. Суды бекерден-бекер ластап төгуге болмайды. <p>Ұ.ОҚ: Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Күн,ауа,су тіршілік көзі»</p>	<p>17.06</p>

	<p>Мақсаты: Ауа,су,күн және олардың маңызы туралы балалардың білімдерін тереңдету.Ауа туралы ұғымды түсіндіру, су-тіршілік көзі екендігін, оның пайдасы туралы білімдерін кеңейту.Күннің жылуы мен жарық беретіндігін түсіндіру. Жер бетіндегі тіршілік атаулының негізгі қайнар көзі күн және ауа жайлы түсінік беру. Көрнекіліктер:слайдтар арқылы түсіндіру.</p> <p>Д/о Егер де... не болар еді?</p> <p>Ойын шарты:Мақсаты: Қарапайым себепті байланыстар мен қарым - қатынастарды таба білуге үйрету.</p> <p>Егер де күн болмаса, не болар еді?(үнемі қараңғы, қорқынышты болады, гүлдер өспейді) Егер де су болмаса, не болар еді?(шөптер қурайды, қатты шөлдейміз) Егер де ауа болмаса не болар еді? (тыныс ала алмаймыз)</p>	
--	--	--

4-апта (20.06-24.06) «Қауіпсіз жаз»		
«Бағдаршам күні»	<p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>Тақырыбы: «Бағдаршам» өлеңі Әдібай Табылдиев Мақсаты: Артикуляциялық аппаратын дамыту. Ересектердің берген сұрақтарын тыңдап, түсіне білуін, өлеңнің мазмұнын түсінуін жетілдіру, өлеңді жаттауға үйрету .</p> <p>Д/о «Бағдаршам және реттеуші»</p>	20.06

Мақсаты: Балалардың реттеуші жұмысы туралы білімдерін анықтау; оның ымдарының мәнін түсіндіру; балаларды реттеушінің ымдары мен бағдаршам түстерімен ара қатынасын белгілеуге үйрету.

Көрнекіліктер: Реттеуші, реттеушінің такықшасы, бағдаршамның белгілері.

Ойын шарты:

Тәрбиешінің түсіндіргенінен кейін балалар реттеушінің рөліне тұрып, ымдарын көрсетеді. Қалғандары реттеушінің ымдарына қарай бағдаршамның керекті түстерін көрсетеді.

Ұ.ОҚ: Көркем Әдебиет

Тақырыбы: «Бағдаршам»

Мақсаты: балаларды көлік түрлерімен таныстыруды жалғастыру.

Бағдаршам туралы түсініктерін жетілдіру.

Білімділік: балаларды жолда жүру ережесімен және бағдаршам қызметімен таныстыру.

Дамытушылық: Зейінін, есте сақтау, түсті айыра білу қабілеттерін дамыту.

Тәрбиелік: көшеде жүру ережесін білу арқылы жолда жүру мәдениетін үйретіп, сақтыққа тәрбиелеу .

Д/о: «Бағдаршам»

Мақсаты: Балаларды жол ережесімен таныстыру.

Көрнекіліктер: Қызыл, сары және жасыл дөнгелектер, машиналар, балалардың пішіндері.

Ойын шарты:

Қатысушылардың біреуі бағдаршамның белгілі бір түстерін орнатып қояды (қызыл, сары және жасыл дөнгелектерді қойып) машиналарды және балалардың пішіндерін, әр түрлі бағытпен жүретін. Екінші бала машиналарды көше қиылысынан өткізеді, (жүру жолынан) немесе балалардың пішіндерін (жүргінші жолынан) жол жүру ережесіне сәйкес. Содан соң ойыншылар рөлдермен ауысады. Машина және жүргінші жолы

	<p>ережесімен және бағдаршамның шамдарымен белгіленетін әртүрлі жағдайлар қарастырылады. Кім қателеспей жақсы ойын көрсетсе сол жеңімпаз болып есептеледі.</p>	
<p>«Пайдалы және зиянды өсімдіктер»</p>	<p>Ұ.ОҚ: Жаратылыстану Тақырыбы: «Емдік өсімдіктер». Мақсаты: Балалардың өсімдіктермен және емдік қасиеті бар өсімдіктермен таныстыру. Өсімдіктердің әр қайсысын дұрыс атауға оларды дұрыс пайдалану жолдарын үйрету. Емдік шөптің шипалы қасиеттері жайлы түсініктерін кеңейту. Көркем сөз қолдану арқылы сөздік қорларын молайту. Өсімдіктерге деген қызығушылығын ояту. Балалардың қоршаған ортаны өсімдіктерді қорғап оларды аялауға тәрбиелеу. Ұқыптылыққа және жасаған жұмыстарына тиянақты болуға баулу. Өсімдіктен тұнбалар жасай білуге тәрбиелеу. Мақсаты:</p> <p>1. Д/о: «Не өзгерді?» Мақсаты:Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру. Көнекіліктер:Жеміс пен көкөністің мультяжы. Ойын шарты:Тәрбиеші жеміс пен көкөністің бір-екі түрін араластырып қойып. Балаларға көздерін жұмуын сұрайды. Сол арада жеміс пен көкөністің арасынан біреуін алып жасырып қояды. Көзін ашқан балалардан не өзгергенін сұрайды. Ойын осылай жалғасады, барлық балалармен бірге ойналады.</p>	<p>21.06</p>
<p>«Марғаудың үйшігі»</p>	<p>Ұ.ОҚ: Сурет салу Тақырыбы: «Үйшікте не тұрады?»</p>	<p>22.06</p>

Мақсаты: Мысықтың баласы марғаумен таныстыру. Марғаудың түр-түсі мен сырт келтебетін ажыратуды үйрету. Марғау жайлы әңгімелей білуге үйрету. Марғауға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Таныс геометриялық фигуралардан ертегі кейіпкерлерінің образдарын жасай білуді, кейіпкерлердің көңіл күйі мен қылықтарын бейнелеу үшін ұсақ бөлшектер мен толықтыруды үйрету. Шығармашылық ой-қиялын дамыту.

Д/о: «Үй құрылысының ретін көрсет»

Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту.

Құрал-жабдықтары: баланың саны бойынша әртүрлі түсті жолақтар, пішіндер, үй суретінің үлгісі.

Ойын шарты: Балаларға үйдің суретінің үлгісін көрсету. Балаларға әртүрлі жолақшаларды, пішіндерді таратып беру. Үлгіге қарап осы пішіндерден үйді құрастыруды ұсыну.

Ұ.ОҚ: Жапсыру

Тақырыбы: «Марғауым менің керемет»

Мақсаты: Балаларға сіріңке қораптарынан пайдалану арқылы мысықтың бейнесін жасауға үйрету, желімдеу, қағазды қиып жапсыру дағдыларын бекіту, ұқыпты жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, үй жануарларына деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.

Алдын - ала жүргізілетін жұмыстар: сіріңке қораптарынан жасалынған тағы басқа бейнелер жасап көрсетеді.

Әдіс - тәсілдер: көрсету, түсіндіру, сұрақ - жауап, әңгімелеу.

Д/о «Байқағыш» деп аталады.

Ойын шарты: Мысықты ойлап, көздеріңе елестетіп, еске түсіріп, менің сұрақтарыма жауап беріңдер.

1. Мысықта қанша құлақ бар?

	<p>2. Мысықта қанша аяқ бар?</p> <p>3. Мысықта қанша құйрық бар</p> <p>4. Мысықтың құлағы ұзын ба, құйрығы ұзын ба?</p>	
« Қауіпті заттар және құралдар»	<p>Ұ.ОҚ: Дене шынықтыру</p> <p>Тақырыбы: «Денсаулық, зор байлық»</p> <p>Мақсаты: Бір орында тұрып ұзындыққа секіруді үйрету. Аяқ пен қол қимылын үйлестіре ,серпіле екпінмен секіруді бекіту. Музыкаға сәйкес өздігінен бейнелі қимылдар орындау қабілеттерін қалыптастыру. Бұлшықеттер мен қол аяқтың үйлесімді қимылын</p> <p>Қимылды ойын: «Қателеспе» (фишкалармен)</p> <p>Ойын шарты: Мына жерге келіп, екі жағы екі түсті фишкаларды алып орындарына барындар. Мен сендерге ойнауға болатын және ойнауға болмайтын суреттерді көрсетемін. Егер ол ойнауға болмайтын сурет болса- қызыл түс жағын көтеріп көрсетесіңдер, ал ойнауға болатын зат болса- көк түс жағын көтересіңдер.</p>	23.06
«Шебер қолдар»	<p>Ұ.ОҚ: Музыка</p> <p>Тақырыбы: :«Өнер көзі халықта»</p> <p>Мақсаты: Халық әндері арқылы қазақ өнерімен таныстыру. Ұлттық сазбен сусындату.</p> <p>Ән тыңдау: «Еркем-ай» Халық әні</p> <p>Д/о: «Үйде нестеп жатыр?»</p> <p>Мақсаты: Балалардың музыка жанрлары туралы білімдерін дамыту. Әнді, биді, маршты ажырата білуге баулу.</p> <p>Ойын шарты: Музыка жетекшісі әуенді тыңдатқызып, балалардың үйде не істеп жатқандарын айтып берулерін сурайды. Музыка жетекшісі фортепианода М. Гликаның полькасын, Д. Шостаковичтің маршын және Ш. Қалдаяқовтың «Балдырғандар» әнін ойнап береді. Балалар музыканы тыңдай отырып, балалардың үйде не істеп жатқандарын ұғады. (ән айтып жатыр, билеп жатыр, сап тізіліп жүр).</p>	24.06

--	--	--

5-апта (27.06-01.07) «Мен табиғаттың бөлшегімін»		
«Алуан-алуан көбелек»	<p>Ұ.ОҚ: Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: « Әдемі көбелек» Мақсаты: Көбелек туралы түсінік беру. Көбелектің тіршілігі. Балаларды көбелектермен, олардың қасиеттерімен таныстыру, білімдерін кеңейту; талқыланып жатқан тақырып бойынша өз ойларын дұрыс қалыптастырып, білдіру дағдысын бекіту. Дамыту аспектісі: Олардың бір - бірінен айырмашылығын салыстыру. есте сақтау қабілетін, жолдасының сөзін бөлмей; белгілі ереже бойынша топта өзара әрекет ету дағдысын жетілдіру. Табиғатты қорғауға, эстетикалық талғамының қалыптасуына тәрбиелеу.</p> <p>Д/о: «Көбелектің гүлін тап» дшо</p> <p>Мақсаты: Балаларға көбелектің гүлін табу арқылы түстерді дұрыс ажырата білуге үйрету.</p> <p>Ойын Шарты: Әр түрлі көбелекті гүлдердің түсіне қарай орналастыру.</p>	27.06
«Ұлттық ойындар»	<p>Ұ.ОҚ: Жаратылыстану Тақырыбы: «Ұлттық ойындар» Мақсаты: Балаларды ұлттық ойын арқылы татулыққа, адамгершілікке баулу. Бір - біріне деген сыйластығын, достық қарым қатынасын нығайту.</p>	28.06

	<p>Ұлттық ойын арқылы салт - дәстүрлерді сақтай білуге тәрбиелеу. Бір - біріне деген шынайы достықты сезіне білу дағдысын дамыту.</p> <p>Д/о: Сақина жасыру</p> <p>Ойын шарты: Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жұмулы қолын әрбір ойыншың алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен -«Сақина кімде»- деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.</p>	
<p>«Ауа райы тамаша»</p>	<p>Ұ.ОҚ: Сурет салу</p> <p>Тақырыбы: «Таза ауа»</p> <p>Мақсаты: Таза ауаның пайдасын түсіндіру. Табиғаттағы ауа райы өзгерістері бақылауды үйрету. Ауа –рай өгерістерін айырмашылығын білу және өмірдегі адамдармен өзара байланыстарын білу</p> <p>Д/о: «Кемпірқосақ»</p> <p>Мақсаты: Түстерді ажырата білуге үйрету.. Бейнені түсіне қарай таңдап алу іскерліктерін дамыту.</p> <p>Құрал – жабдықтары: Кемпірқосақтың суреті.</p> <p>Ойын шарты: Бұл ойынды балалар тәрбиешімен бірге орындайды. Қағаз бетінде жеті түсті кемпірқосақ бейнеленген сурет салынады. Содан соң балалар жеті түсті кемпірқосақтың барлық түсінің реті бойынша және оған</p>	<p>29.06</p>

	өз суреттерін сәйкестендіре отырып орналастырады.Кімнің карточкасы түсі бойынша сәйкес келсе, сол бала заттық суретті алады.	
«Шуақты күн»»	<p>Ұ.ОҚ: Дене шынықтыру Тақырыбы: Шеңбер құру,шеңбер бойы жүру және жүгіруге жаттықтыру . Мақсаты: Қос аяғымен бір мезгілде екпін серпіліс жасай білу дағдыларын бекіту.Жаттығулар орындау кезінде тынысты тоқтатпау дағдыларын қалыптастыру.Музыка ырғағына сәйкес қимылды жай,шапшаң,ырғақты орындау қабілетін дамыту.</p> <p>Қимылды ойын: Күн мен жаңбыр.</p> <p>Ойын шарты: Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлменің қабырғасынан біразырақ жерге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды. Тәрбиеші: «Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады», - дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр. «Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!» деген сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: «Күн шықты! Барындар, серуендеңдер», - дейді, ойын қайта басталады.</p>	30.06
«Әдептілік-әдемілік»	<p>Ұ.ОҚ: Музыка Тақырыбы: «Мен әдепті баламын»</p> <p>Мақсаты: Балаларды адамгершілікке, қарапайымдылыққа, кішіпейілдікке, әдептілікке, еңбексүйгіштікке, өз халқының салт-дәстүрін үйрене</p>	01.07

	<p>отырып жаман әдеттен аулақ болуға тәрбиелеу. Адам бойындағы ұнамды ұнамсыз қылықтарды айыра отырып,әдеп әліппесін бойына дарыту, тіл байлығын, таным белсенділігін арттыру.Әдемілікке, әдептілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Д/о: «Күн мен бұлт»</p> <p>Мақсаты: Балалардың есту, тыңдау қабілеттерін дамыту. Әр – түрлі сипаттағы әуендерді ажырату қабілеттерін дамыту. (көңілді, қуанышты, мұңды, көңілсіз).</p> <p>Ойын шарты: Үш карточка бірінші карточкада жарқырап тұрған күннің көзінің суреті, екінші карточкада бұлт басқан күннің көзінің суреті, үшінші карточкада жаңбыр мен бұлттың суреті</p> <p>Ойынға қатысушылар, ойын құралының санына байланысты алынады. Балаларға карточкалар таратылып, Үш түрлі музыкалық шығарма тыңдауды ұсынады.</p> <p>Балалар бос шаршыларды әуеннің көңіл күйіне байланысты, суреті бар карточкалармен жабады. Әр сурет әуеннің көңіл күйіне байланысты.</p>	
--	--	--

<p>«Табиғатты қорғайық»</p>	<p>Ұ.ОҚ: Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Табиғатты аялайық»</p> <p>Мақсаты: Табиғат-Ана, оның байлықтары туралы түсіндіре отырып, табиғатты аяулауға, қорғауға тәрбиелеу. Табиғат туралы мағлұматтар беру, ой-өрістерін дамыту.</p> <p>Табиғат құндылығының маңыздылығын түсіндіру.</p> <p>Д/о: Сөзді айтуға көмектес»</p> <p>Ойынның мақсаты: Сөздерді толық әрі дұрыс айтуға үйрету. Ойын шарты: Тәрбиеші сөздің бірінші буынын айтады, ал балалар сол буынға қатысты сөзді тауып жалғастырады. Мысалы: Таби-ғат, Қа-қалам, әй-әйнек...</p>	<p>04.07</p>
<p>«Су әлемінде»</p>	<p>Ұ.ОҚ: Құрастыру Тақырыбы: «Су асты әлемі»</p> <p>Мақсаты: Су асты әлемі туралы білімдерін тереңдету. Балықтар жайлы мағлұмат беру. Балықтар, сегізаяқ, тасбақа бейнесін қиып, су асты әлемін құрастыруда ұқыпты жұмыс істеу іскерліктерін дамыту. Жұмысты бірлесіп істеуге, бір-біріне көмектесуге, ұқыптылыққа баулу. Су асты әлемінің тіршілік иелеріне сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу. Әдісі: Түсіндіру, таныстыру, құрастыру, ойын.</p> <p>Д/о: «Суреттерді ретіне қарай топтастыр»</p>	<p>05.07</p>

	<p>Ойын шарты: Суда тіршілік ететін жануарлар мен жерде тіршілік ететін жануарлар суреттері берілген. Осы суреттерді ретіне қарай топтастыру қажет. Ол үшін теңіздің суреті бейнеленген суретке суда тіршілік ететін жануарлар суретін, ал жердің суреті бейнеленген суретке жерде тіршілік ететін жануарлар суретін топтастыру.</p> <p>Ұ.ОҚ: Жаратылыстану Тақырыбы: : «Сумен таныстыру»</p> <p>Мақсаты: Судың қасиеттері туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Танымдық белсенділіктерін дамыту. Судың қасиеттерінің бірі-судың мұзға және мұздың суға айналуымен таныстыру</p> <p>Тәжірибелік жұмыс: «Судың үш күйі» Дамытушы ойын: «Су кімге керек?» Сөздік: Балалармен әңгімелесу, тәрбиешінің түсіндіруі, іздену сұрақтары. Құралдар: Пластмассалық стақандар, су, қант, сұйық май, акварельді краска, бояғыш (краситель), тарелкелер, қасықтар, түрлі- түсті смайликтер (әр балаға жеке беру) Судың қасиеттері туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Танымдық белсенділіктерін дамыту. Судың қасиеттерінің бірі-судың мұзға және мұздың суға айналуымен таныстыру</p>	
«Ғажайыптар әлемі»	<p>Ұ.ОҚ: Сурет салу Тақырыбы: «Ғажайыптар әлемінде»</p> <p>Мақсаты: Алақанмен сурет салуды жетілдіру, оны бояуға малып күннің суретін салуды үйрету. Достыққа ,қамқорлыққа тәрбиелеу.</p>	06.07

	<p>Педагогикалық технологиялар:Триз технологиясы</p> <p>Мақсаты:</p> <p>Д/о: «Ғажайып кілемше »</p> <p>Мақсаты: Түрлі сызықтар мен ою-өрнектердің жалғасын есте сақтау</p> <p>Құрал – жабдықтары: қатты мата немесе бірнеше бөлікке бөлінген және кемпірқосақтың барлық түстерімен боялған картонның рулоны, моншақтар, таяқшалар, қарындаштар, өрнектер, қалдық материалдар.</p> <p>Ойын шарты: Бала кілемді ашып, тәрбиеші көмегімен алғашқы бөліктеріне ою-өрнектерін салады.Бұдан соң кілем бойымен өрнектерді атай отырып жылжиды. Баяу әуен ойнайды. Балалар түрлі-түсті қалдық материалдар мен таяқшалары бар дорбалар таратылады. Олар кілемге шеңбер құра отырып, өздерінің жанына бұл моншақтар мен таяқшалардан кішкене дөңгелек түріндегі өрнектер қояды.</p>	
«Менің достарым»	<p>Ұ.ОҚ: Дене шынықтыру</p> <p>Тақырыбы: (негізгі қимылдар)</p> <p>Құм салынған дорбашаның дұрыс ұшуына бағыт беріп ,дорбашаның астынан қос қолмен ,көлденең нысанаға лақтыруды,құм салынған дорбашаны лақтырған соң қолды түзу ұстауды үйрету.Уақытты ,кеңістікті бағдарлау,тепе-теңдік ,ырғақты сақтау,көзмөлшерді және үйлесімді қимыл жасау қабілеттерін дамыту.</p>	07.07

	<p>Мақсаты: Баланың өзін - өзі тануына, достарын бағалауға, құрметтеуге үйрету, досының айтқанын аяғына дейін тыңдауға, кез келген уақытта көмектесе білуге тәрбиелеу. Ойындар арқылы есте сақтау, ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту.</p> <p>Қимылды ойын: Доп</p> <p>Мақсаты: Балаларды достыққа, ұжымшылдыққа, адамгершілікке баулу.</p> <p>Ойын шарты: Балалар қатарға тұрады екі команда болып межеге допты қай команда бірінші апарады сол топ бірінші орынға, марапатқа ие болады. Ал ұтылған топ таппақ не өлең айтып өз өнерін көрсетеді.</p>	
« Сүйікті қалам Нұр-Сұлтан»	<p>Ұ.ОҚ: Музыка</p> <p>Тақырыбы: «Туған күніңмен, сүйікті қалам»</p> <p>Мақсаты: Өз еліне, жеріне деген мақтаныш сезіміне тәрбиелеу, бір – біріне сыйластық сезімдерін тереңдету, <i>демалыс орындарында өздерін ұстай білуге тәрбиелеу.</i></p> <p>Д/о: «Ақырын қатты»</p> <p>Мақсаты: Тембрлік есту қабілеттерін дамыту.</p> <p>Ойын шарты: Балаларға бір түсті бірақ әр түрлі реңктегі карточка жаймалары беріледі.</p> <p>Балаларға: Көгілдір – ақырын музыка, қара көк – қатты музыка, көк – орташа.</p> <p>Әрі қарай музыка жетекшісі әнді ақырын, қатты жіне орташа орындайды.</p> <p>Балалар музыканы тыңдай отырып қолдарындағы фишкаларымен карточкаларды жабады.</p> <p>Ұ.ОҚ: Қоршаған ортамен танысу</p>	08.07

	<p>Тақырыбы: «Сүйікті қалам»</p> <p>Мақсаты: Балаларға туған елі, туған жері жайлы мәліметтер беру. Баланың ізгілік қасиетерін дамыту. Ойын арқылы балалардың ой-өрісін, қиялын ұштау. Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру, өз елін, өз қаласын сүйетін патриот болуға тәрбиелеу.</p> <p>Д/о: «Менің сүйікті қалам».</p> <p>Ойын шарты: балалар дөңгелене тұрады. Ойын бастаушы «Сүйікті қалаңды ата!» деп, допты бір балаға лақтырады. Бала жауабын айтып, келесі балаға лақтырады. Келесі бала ойынды одан әрі жалғастырады.</p>	
--	---	--

2-апта (11.07-15.07) «Әкем, анам және мен тату тәтті отбасы»		
«Менің сүйікті кейіпкерім»	<p>Ұ.ОҚ: Сөйлеуді дамыту</p> <p>Тақырыбы: «Аңсардың жанұясы» (суретке қарап әңгімелеу)</p> <p>Мақсаты: Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану. Отбасы туралы түсініктерін кеңейту, тақырыпқа сәйкес шығармадағы кейіпкерлерді ойнағанда олардың мінездерін бере білуге үйрету.</p> <p>Дидактикалық ойын «Сөйлемді аяқта»</p> <p>Ойын шарты: (Атамның ...<u>тақиясы</u>, <u>қамшысы</u> . Әжемнің тәтті <u>бауырсағы</u>)</p>	11.07

	<p>Ұ.ОҚ: Көркем әдебиет Тақырыбы: «Менің сүйікті ертегім» Мақсаты: Ертегінің желісін түсіндіріп, сөздік қорларын, ой - санасын және көз алдарына елестету қабілеттерін дамыту, ертегіні рөлге бөліп орындауға, сурет салу дағдысын дамыту, балаларды қайырымды, көпшіл болуға тәрбиелеу. Сүйікті кейіпкерлерін айтқызу Д/о: «Менің сүйікті ертегім»</p> <p>Мақсаты: ертегі кейіпкерлері бойынша ертегілерді атау, жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырату. Достыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.</p> <p>Көрнекілігі: ертегі кейіпкерлерінің суреттері.</p> <p>Ойын шарты: сурет бойынша ертегілердің аттары мен мазмұнын айту.</p> <p>педагог балаларға қазақтың халық ертегілерінде кездесетін кейіпкерлерді атайды. Мысалы: хан, уәзір, қарға, кірпі, т.б. Аталған кейіпкерлерді жағымды, жағымсыз екенін ажыратады.</p>	
«Мерейлі отбасы»	<p>Ұ.ОҚ:Құрастыру Тақырыбы: «Отбасы» Мақсаты: Балаларға отбасы және отбасы мүшелері туралы түсінік беру.</p> <p>Сөйлем құрап айтуға, дыбыстарды анық, таза жеткізе білуге дағдыландыру.</p>	12.07

	<p>Отбасында үлкендерді сыйлап, кішілерге қамқор болу сияқты әдептілік қағидаларын сақтай білуге тәрбиелеу.</p> <p>Д/о: «Кім тез табады»</p> <p>Ойын шарты: Текшеде отбасы мүшелерінің суреті көрсетілген. Тақтаға шыққан 2 бала тәрбиешінің нұсқауымен отбасы мүшелері тез тауып көрсетеді.</p> <p>Ұ.ОҚ: Жаратылыстану</p> <p>Тақырыбы: «Менің отбасым»</p> <p>Мақсаты: Білімділік: Балаларды өзінің отбасы, жақсы көретін адамдары, олардың жақсылығы мен қайырымдылығы, мәдениеті мен сыпайылыққа қатысты сөздерді қолдануға үйрету.</p> <p>Дамытушылық: Өзінің отбасы мүшелерінің бір-біріне қалай көмектесетіндіктері жайлы сұрақтарға жауап беруге, басқа балалардың да отбасы туралы айтқандарын тыңдап, түсіне білуге ынталандыру.</p> <p>Тәрбиелік: Отбасы мүшелеріне құрметпен, сыйластықпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Д/о «Жылулық тілегі»</p> <p>Ойын шарты: ойынға қатысушы барлық балалар ата,апа,ана,әке,ағаның,ал допты ұстаған бала баланың рөлін ойнайды.</p> <p>Бала допты лақтырған кезде,қағып алған бала(ата,әже,әке,ана,аға)допты кері қайтарып теңеу сөз,жылы сөз,лебіз немесе тілек айтады.</p>	
<p>«Түстер патшалығы»</p>	<p>Ұ.ОҚ: Сурет салу</p> <p>Тақырыбы: «Сиқырлы бояу патшалығы»</p>	<p>13.07</p>

	<p>Мақсаты:(дәстүрден тыс әдістер арқылы балалардың қиялы мен шығармашылық қабілеттерін дамыту) бояулар жайлы түсініктерін кеңейтіп, түстерді анықтауды меңгерту. Суретшілер туралы білімдерін кеңейтіп, байыту, ойлау қабілеттерін, қиялын, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Қорытынды тұжырым жасай білуге дағдыландыру, қамқорлыққа, жанашырлыққа тәрбиелеу.</p> <p>Д/о: «Түсі бойынша жина »</p> <p>Мақсаты: түстерді ажырата білуге, оларды таңдап алу, бөлшектерден тұтасты құрастыру іскерліктерін дамыту</p> <p>Құрал – жабдықтары: Геометриялық бөлшектер</p> <p>Ойын шарты: Геометриялық бөлшектерден түсі бойынша бейнелерді жинау</p>	
«Алтын дән»	<p>Ұ.ОҚ: Дене шынықтыру</p> <p>Тақырыбы: Негізгі қимылдар)</p> <p>Балаларды кедергілерді қозғамай еңбектеп өтуге, бөренелерден аттап өтуге үйрету. Жаттығу ережелерін жіне жаттығуларды толық орындауға баулу</p> <p>Қимылды ойын: «Тунель арқылы өтейік»</p> <p>Ұ.ОҚ: Мүсіндеу</p> <p>Тақырыбы: «Таба нан» (заттық мүсіндеу)</p> <p>Мақсаты: Домалатылған пішінді екі алақанның арасына салып, жалпақтау тәсілін пайдалана отырып, нанды мүсіндеуді үйрету.</p> <p>Д/о: «Анам пісірген тоқаштар»</p>	14.07

	<p>Ойын шарты: Ұн тағамдарын атау, олар қайдан алынады, шикі өнімдерден піскен өнімдерді айырып жинақтау, қайсысы қазанда майға қуырылады, ал қайсысы табада дайындалады туралы айтқызырту. Қайсысы пеште піседі? Ал қайсысы суға піседі, немесе бұқтырылатыны жайлы, оларды жеке-жеке топтастырып айту.</p>	
«Менің отбасым»	<p>Ұ.ОҚ:Музыка Тақырыбы: Менің анам әдемі.(өтпелі тақырып «Менің отбасым») Мақсаты: Музыканың мазмұнын ажырата білу.Отбасы мүшелеріне сүйіспеншілік,үлкенге,кішіге деген ізгі ниетке тәрбиелеу. Құрал жабдықтары:Отбасы мүшелері,ата суреттері. Д/о: «Кім жоқ?» Ойын шарты:Тақтада отбасы мүшелерінің суреті ілулі тұрады. Балалар көздерін жұмады. Тәрбиеші тақтадағы бір отбасы мүшесінің суретін алып тастайды. Балалар көздерін ашып, мұқият қарап шығып, кімнің суреті жоқ екенін айтады. Ойын шарты:</p>	15.07

3-апта (18.07-22.07) «Жазғы сайытар»		
«Ұлы дала баласы»	<p>Ұ.ОҚ: Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Іскер бала» Мақсаты: Күнделікті өмірге қажет бұйымдар мен</p>	18.07

	<p>ұлттық көне заттардың аттарын атап, дұрыс айтуды, әңгімелей білуді жетілдіру</p> <p>Дидактикалық ойын: «Сандықшада не бар?»</p> <p>Ойын шарты: Сандықшадағы заттарды дұрыс атау.</p>	
<p>«Дәрумен мен денсаулық»</p>	<p>Ұ.ОҚ: Құрастыру</p> <p>Тақырыбы: «Дәрумендер денсаулық кепілі».</p> <p>Мақсаты: Балаларға көкөністер мен жемістерді ажыратып, топтастырып үйретуді жалғастыру. Адамның денсаулығына пайдасы жайында түсіндіру. Олардың құрамы дәрумендерге бай екендігін меңгерту. Балаларға түсті қатты қағаздан пиязды құрастыра білуге үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру.</p> <p>Д/о: Мынау не?</p> <p>Ойын шарты: Көкөністер мен жемістерді ажырату</p> <p>Ұ.ОҚ: Жаратылыстану</p> <p>Тақырыбы: «Денсаулық-зор байлық»</p> <p>Мақсаты: Балаларда салауатты өмір салтының дағдыларын және қажеттілігін сақтай білуге тәрбиелеу.</p> <p>Балалардың өз денсаулығына деген саналы көзқарасын және салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру. Балалардың денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екенін түсіндіру. Бау-бақшада өсетін көкөністер мен жемістер туралы түсініктерін кеңейту. Олардың құрамында кездесетін дәрумендердің адам денсаулығына маңызы туралы мәлімет беру. Салауатты өмір сүруге тәрбиелеу.</p> <p>Д/о: «Не пайдалы?»</p> <p>Ойын шарты: Денсаулықты сақтап дұрыс тамақтану үшін не пайдалы қазір білеміз. Ол үшін менің сұрағыма «Ия» немесе «Жоқ» деп жауап</p>	<p>19.07</p>

	<p>беріңдер, келістік пе? *Ботқа-дәмді ас, ол бізге пайдалы? * Жуа жесең әрқашан, ол сендерге пайдалы ма? *Жердегі су таза емес, оны ішуге бола ма? * Щи – тамаша тағам, щибалаларға пайдалы? * Шыбын сорпасы әрдайым балаларға пайдалы? * Жемістер-бұл біз үшін,ең пайдалы? * Жумай жеген көкөніс,ол бізге пайдалы? * Көкөніс өседі, көкөністер пайдалы? * Шырын,сусын балаларға пайдалы ішу керек пе? * Чипсы пайдалы тағам?</p>	
«Спорттық ойындар күні»	<p>Ұ.ОҚ: Сурет салу Тақырыбы: «Түрлі - түсті доптар» Мақсаты: Дөңгелек заттарды салуға үйрету. Түрлі бағыттағы түзу сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білу және нүктелер арқылы бейнелеу дағдыларын арттыру.</p> <p>Д/о: «Есіңе сақта және суретін сал»</p> <p>Мақсаты:бірлесе сурет салу барысында сыйластық қарым-қатынас орнату.</p> <p>Құрал – жабдықтары: көкөністер, дәнді дақылдар бейнелеген сурттер.</p> <p>Ойын шарты: Тәрбиеші бірнеше суреттерді үстел бетіне жаып қояды. Балалар қарап шығып, көкөністерді, дәнді дақылдарды ойына сақтауға тырысуы керек. Есінде қалған көкөністерді,дәнді дақылдарды бейнелейді.</p>	20.07
«Менің көңілді тобым»	<p>Ұ.ОҚ: Дене шынықтыру (Негізгі қимылдар) Тақырыбы:Қос аяқпен секіру.Бір-біріне доп домалатуды үйрету. Мақсаты:Ирелең жолмен жүру.Қос аяқпен секіру дағдыларын бекіту. Музыканың бсталуын сезініп,музыкаға сәйкес жүруге баулу.Сөздерді қайталау және оны орындау дағдыларын қалыптастыру. Қимылды ойын: «Біздер де бар қуыршақ»</p>	21.07

«Олимпиада алауы»	<p>Ұ.ОҚ: Музыка Тақырыбы: «Мен кішкентай баламын» Мақсаты: Ән тыңдау: «Мен тәртіпті баламын» А.Ақжігітов Ән айту: «Топ-топ балақан» М.Арынбаев Әуенді ырғақты-қимыл, ойын: «Көйлегін-ай, Сәуленің» Б.Дәлденбаев</p> <p>Д/о: «Көлеңкесін тап»</p> <p>Ойын шарты: Балаларды әр ойыншықтың көлеңкесін тауып орналастыруға үйрету. Ойыншықтарды сипаттап, күтіп, ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Ұ.ОҚ: Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: « Мен жасай аламын» (тәжірибелік жұмыс)</p> <p>Мақсаты: табиғат бұрышында қол еңбегіне тарта отырып, тұқымдарды отырғызу іскерліктерін, танымдық қызығушылықта-рын бекіту</p> <p>Пиктограмма әдісі арқылы</p>	22.07

4-апта (25.07-29.07) «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма?»		
«Алтын балық»	Ұ.ОҚ: Сөйлеуді дамыту	

	<p>Тақырыбы: Аквариумдағы балықтар.</p> <p>Мақсаты: Балықтар тіршілігімен, оған үнемі қамқорлық жасап (аквариумды соқпауға, қолмен ұстауға болмайтынын) айтып түсіндіру Тірі табиғатқа қызығушылығын арттырып, оны күтіп баптауға әрбиелеу. Қоршаған ортамен таныстыра отырып, балықтар туралы түсінік беру.</p> <p>Д/о «Кім тапқыр?»</p> <p>Ойын шарты: интерактивті тақтадан балалардың білетін түстеріне сәйкес балықтың суретін көрсетеді, бала тақтадан көрсетілген балықпен түстес балықты алдарындағы текшеден тауып, жоғары көтеріп, тәрбиешіге көрсетуі керек. Тапсырманы дұрыс орындаған бала жеңімпаз атанады. Балалар педагогтың нұықауымен ойынды қызығушылықпен ойнайды.</p> <p>Ұ.ОҚ: Көркем әдебиет</p> <p>Тақырыбы: «Алтын балық» ертегісі</p> <p>Мақсаты: Алтын балық ертегісін көрсету немесе баяндау.Ертегіні талдау.Балаларға алтын балықтың ерекшелігі мен ертегі желісіндегі кейіпкердің жақсы,жаман қасиеттерін ажырата білуге үйрету.Су асты мекендеушілерін тану.Оларды (балық, сегізаяқ т.б) мекендеушілерді түрлі пішіндерден құрастыруда ұқыпты жұмыс істеу іскерліктерін қалыптастыру. Су мекендеушілерінің бейнесін таяқшамен, мозайкалармен құрастырып шығаруға үйрету; Жұмысты бірлесіп істеуге, бір-біріне көмектесуге, ұқыптылыққа баулу. Су асты тіршілік иелеріне сүйіспеншілік сезімдерін ояту.</p> <p>Д/о: «Балық аулау ойыны»</p> <p>Ойын шарты: Балалар өздері қанша балық ұстағандарын айту, түсін ажырату</p>	25.07
--	--	-------

<p>«Үлпілдеген үлпек мамық»</p>	<p>Ұ.ОҚ: Жаратылыстану Тақырыбы: «Жәндіктер тіршілігі»</p> <p>Мақсаты: Балалардың жәндіктер, олардың сипаттық белгілері туралы білімдерін кеңейту. Көбелек пен қоңыздың айырмашылығын таба білуге үйрету.</p> <p>Ләпбук жасау: «Жәндіктер тіршілігі»</p> <p>Дидактикалық ойын: «Болады, болмайды»</p>	<p>26.07</p>
<p>«Гүлдер күні»</p>	<p>Ұ.ОҚ: Жапсыру Тақырыбы: «Әдемі гүлдер»</p> <p>Мақсаты: қиылған дайын пішіндерді қағаз бетіне дұрыс орналастыра білуге, түстерді, көлемді ажырата білуге үйрету. Көктем туралы білімдерін толықтырып, гүлдердің атымен таныстыру.</p> <p>Д/о «Гүлдер құрастыр»</p> <p>Ойын шарты: Жерде шашылған гүлдер күлтешелерін түстеріне байланысты гүлдер құрастыру керек.</p> <p>Ұ.ОҚ: Сурет салу Тақырыбы: «Гүлдер»</p> <p>Мақсаты: Балаларға сурет салуды үйрету, есте сақтау қабілетін дамыту, сурет салуда әртүрлі әдіс-тәсілдері қолдана білуге дағдыландыру. Тиянақты жұмыс жасауға тәрбиелеу. Дәстүрден тыс әдіс бойынша сурет салу тәсілдерін бекіту, Гүлдердің ерекшеліктерін, қасиеттерін түсіндіре дамыту;</p>	<p>27.07</p>

	<p>Д/о: «Кім жылдам?»</p> <p>Ойын шарты: Балалар екі топқа бөлініп, гүлдерді құрастырады.</p>	
«Жәндіктер әлемі»	<p>Ұ.ОҚ: Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)</p> <p>Тақырыбы:</p> <p>Мақсаты: Жылдам қозғалуды, баяу, жылдам жүруді және доптарды себетке салуды үйрету. Қимылды ойындарды қызығушылықпен орындауға тәрбиелеу.</p> <p>Қимылды ойын: «Мерген футболшы »</p>	28.07
«Туған өлкем»	<p>Ұ.ОҚ: Музыка</p> <p>Тақырыбы: «Елім Қазақстаным»</p> <p>Мақсаты: Мемлекеттік рәміздер туралы түсініктерін қалыптастыру. Қазақстан Республикасының ең алғашқы елбасы туралы түсінік беру. Табиғи дауыспен әнді таза айтуға, шығарманы сезіне білуге үйрету, Әнді сезіну арқылы Отанды сүйуге, қастерлеуге тәрбиелеу.</p> <p>Дауыс жаттығуы: «Алтын күн». Дауыс ырғақтарына мән бере тыңдалады.</p>	29.07

1-апта (01.08-05.08) «Ас атасы нан»

«Дәнді дақылдар»	<p>Ұ.ОҚ: Сөйлеуді дамыту</p> <p>Тақырыбы: <u>«Алтын дән»</u></p> <p>Мақсаты: <u>балаларды «Алтын дән» өлеңімен таныстыру, балалардың еңбекке қызығушылығын қалыптастыру және оның нәтижелерін қадірлеуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту және</u></p>	01.08
------------------	--	-------

	<p><u>сөздік қорларын молайтып, байланыстыра сөйлеуге дағдыланды, адамгершілікке , сыйластыққа тәрбиелеу.</u></p> <p>Д/о «Қатты-ақырын-сыбырлап»</p> <p>Мақсаты: Балаларға қатты,сыбырлап, ақырын сөйлеуге үйрету. Ойын шарты:Ойынға 3-5 бала қатысады: тәрбиеші балаларға бір сөзді айтады: оны балалар қатты дауыспен,ақырын дауыспен және сыбырлап айтуы керек</p>	
<p>«Нан дастархан байлығы»</p>	<p>Ұ.ОҚ: Құрастыру Тақырыбы: «Нан- дастархан байлығы»</p> <p>Мақсаты: Нанның дастарханға келетін жолы мен оған дейінгі еңбегі туралы түсіндіру. Еңбек адамдарын сыйлай білуге, қасиетті тағамымызды, яғни нанды қастерлеуге үйрету.</p> <p>Д/о: «<i>Не жоқ?</i>»</p> <p>Мақсаты: Балалардың зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту. Ойын шарты: Балалар көздерін жұмады, тәрбиеші дәндерді жасырады. Балалар қай дәндердің жоқ екенін табады.</p> <p>Ұ.ОҚ: Жаратылыстану Тақырыбы: «Нан дастарқанға қалай келеді?»</p> <p>Мақсаты: Еңбек адамдарын сыйлай білуге,әрбір адам нанды үнемді пайдалана білуіне тәрбиелеу. Нанды қастерлей біліуге үйрету, нан қоқымын жерге тастамауды түсіндіру. Нан туралы нақыл сөздерді ұғынуға жаттап алуға дағдыландыру.</p> <p>Д/о: «Нан дастарханға қалай келеді?» Мақсаты:Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөніндегі балалардың білімдерін толықтырып жүйелеу. Діқаншылардың еңбегін</p>	<p>02.0 8</p>

	<p>құрметтеуге тәрбиелеу.Сөздік қорын толықтыру:майдалау,себу,диқаншы,комбайын,элеватор,диірмен</p> <p>Көрнекіліктер: егін даласына қажетті суреттер</p> <p>Ойын шарты: Жүргізушінің белгісінен кейін бос тор көздерді жарыса отырып,қажетті суреттермен толықтыру.</p>	
«Нан болса ән болады»	<p>Ұ.ОҚ:Сурет салу</p> <p>Тақырыбы: «Тоқаш нан»</p> <p>Мақсаты: Нанды қастерлеуге тәрбиелеу</p> <p>Дөңгелек пішінді салу қабілеттерін дамыту.Тоқаш нан бейнесін салуға үйрету.</p> <p>Д/о: «Кім тапқыр?»</p> <p>Мақсаты: сөздік қорын толықтыра отыра, шапшаңдылыққа баулу.</p> <p>Ойын шарты: сұрақтар қойылып балалар жауап береді.</p>	03.08
«Егіс алқабында»	<p>Ұ.ОҚ: Дене шынықтыру</p> <p>Тақырыбы: Гимнастикалық қабырға бойынша жоғары-төмен кезектескен кадаммен өрмелеу. Бір орында тұрып, ұзындыққа 4-бсызықтың үстімен секіру(ара қаш-ы 40-50см). Бөрене үстімен тепендікті сақтап жүру.</p> <p>Қимылды ойын: «Егістіктегі жел»</p>	04.08
«Жемістер мен көкөністер»	<p>Ұ.ОҚ: Музыка</p> <p>Тақырыбы: «Алматының Алмасы –ай»</p> <p>Мақсаты: Балаларға жеміс пен көкөністерді ажырата білуге үйрету. Жеміс пен көкөністерде көптеген пайдалы дәрумендер бар, олар бізге пайдалы екендігі туралы түсініктерін қалыптастыру. Балалардың тілдік қорларын молайтып, тілдерін дамыту. Тазалыққа,ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	05.08

	<p>Ұ.ОҚ: Қоршаған ортамен танысу</p> <p>Тақырыбы:</p> <p>Мақсаты: Көкөністер мен жемістерді сипаттай білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу тілін, көркемдік талғамын дамыту, сөздік қорын молайту. Адамдар еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Байланыстырып сөйлеу қабілетін, эстетикалық талғамын дамыту.</p> <p>Д/о: «Жемістер мен Көкөністерді ажырат»</p> <p>Ойын шарты: (жемістер мен көкөністерді аттарын айтып (себеттен біртіндеп жемістер мен көкөністерді алып тақтаға іледі</p> <p>\</p>	
--	--	--

2-апта (08.08-12.08) «Менің ғажайып әлемім		
«Менің нәзік достарым»	<p>Ұ.ОҚ: Сөйлеуді дамыту</p> <p>Тақырыбы: «Досым екеуміз» өлеңі Қадір Мырза Әлі</p> <p>Мақсаты: Өлеңді жаттау дағдыларын қалыптастыру. Достық туралы түсінік беру, ересектердің сөзін зейін қойып тыңдауға және түсінуге үйрету.</p> <p>Д/о «Досыма тілек»</p> <p>Ойын шарты: Өз достарының атын айтып, жақсы тілектерін айту, сыйлық жасау.</p> <p>Ұ.ОҚ: Көркем әдебиет</p>	08.08

	<p>Тақырыбы: «Адал дос» әңгіме</p> <p>Мақсаты: Адал дос туралы айту. Ауызекі сөйлеу тілін дамыту;</p> <p>Достық қарым – қатынасқа тәрбиелеу. Балаларға «достық» сөзінің мәнін түсіндіру. Зейінін, есте сақтау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.</p> <p>Эмоционалды көңілдерін көтеру.</p> <ul style="list-style-type: none"> - достар арасындағы сыйластық, достық, сүйіспеншілік туралы түсініктерін кеңейту; - өзара сыйластық қарым-қатынастарын дамыту; - бір-бірімен тату, дос болуға тәрбиелеу. <p>Д/о: «Менің досым» ойыны.</p> <p>Ойынның мақсаты: достық қарым – қатынасқа тәрбиелеу.</p> <p>Ойын шарты: педагог балаға допты лақтырып, «Сенің досың қандай?» - деп сұрайды, ал бала досының қандай екенін айтады.</p>	
<p>«Менің адал достарым»</p>	<p>Ұ.ОҚ: Жаратылыстану</p> <p>Тақырыбы: «Қанатты достарым»</p> <p>Мақсаты: Балаларға достық жайлы әңгімелеу, Құстарға, жәндіктерге қамқор болуға тәрбиелеу, олармен дос болуларына болатынын айту.</p> <p>Д/о: «Кім қандай?»</p> <p>Ойын шарты: Тәрбиеші жәндікке анықтама бере отырып, оның сыртқы кейпінің ерекше-ліктері, қозғалыс тәсілдері туралы айта отырып үлгі көрсетеді. Бірінші кезеңде ил-люстрациялық материал қолдануға болады.</p>	<p>09.08</p>

<p>«Кітап білім бұлағы»</p>	<p>Ұ.ОҚ: Сурет салу Тақырыбы: «Менің балабақшам»</p> <p>Мақсаты: Балабақшаның балаларды көп нәрселерге үйрететінің және жақсылыққа тәрбиелейтін орын екенін түсіндіру. Балабақшада қызмет істейтін апайларға құрмет көрсетіп, топта тазалық сақтай білу сияқты әдептілік дағдыларын қалыптастыру. Балабақша ауласындағы гүлдер мен ағаштарға күтіп-баптауға баулу.</p> <p>Д/о: «Топтасып сурет салу»</p> <p>Мақсаты: Өзара қарым-қатынасты жақсарту.</p> <p>Ойын шарты: Үстел басында балалар отырады, орталарында-жарты парақ альбом беті. Парақ ортасында - төртбұрыш немесе дөңгелек пішіндегі бейнелер. Белгіден кейін парақ шеңбер бойынша келесі балаға беріледі. Парақ айналып қайтадан алғашқы балаға келеді. Тәрбиеші әр баладан не салғысы келгенін және бір-бірінің ойын жалғастыра алды ма? деген мақсатпен әңгіме құрастырады.</p>	<p>10.08</p>
<p>«Ұлттық бұйымдар»</p>	<p>Ұ.ОҚ: Дене шынықтыру Тақырыбы: «Денсаулығы сәбидің – қуанышы әр үйдің» Мақсаты: Менгерген іскерлік, ептілік дағдыларды бекіту. Шағын топпен тұру, педагогтің соңынан жүру, жүгіру. Тура жолмен жүруге үйрету. Орында тұрып қос аяқпен секіруге үйрету. Шағын топпен жүру, жүгіру кезінде қолды еркін қалыпта ұстап жүруге жаттықтыру. Педагогтің тапсырмасын тыңдау, орындау, белгі бойынша тоқтау дағдыларын бекіту. Қимылды ойын: «Мені қуып жете аласың ба?» Ойын шарты: Ортамыздан біреуімізді сайлаймыз,</p>	<p>11.08</p>

	<p>Қалғанымыз оны түртіп қашамыз, Тым қырағы, сақ боламыз аса біз. Ұмтылады ол оң мен солына, Тырысамыз түспеуге оның қолына. деп, ойынға қатысушы балалар бытырап қашады. Ойында ұсталған бала - ойынды одан әрі жүргізеді.</p> <p>Ұ.ОҚ: Мүсіндеу Тақырыбы: Торсық</p> <p>Мақсаты: қазақтың ұлттық бұйымы-торсықпен таныстыру, торсықты әртүрлі әдіс-тәсілдермен безендіру;торсықтың пішініне сәйкес ою-өрнектерді шығармашылықпен тандап,әшекейлеу жолдарын түсіндіру</p> <p>Дамытушылық мәні: ұсақ қол қимылдарын дамыту,көру арқылы мүсіндей білу іскерліктерін қалыптастыру</p> <p>Тәрбиелік мәні: ұлттық бұйымға деген қызығушылықтарын ояту,өнердісүюге тәрбиелеу.</p> <p>Д/о: «Не көрдің, не білдің?» Мақсаты: Тұрмыстық заттар мен топ бөлмесінің жиһаздары мен ойыншықтарды дұрыс қолдану ептіліктерін жетілдіру және салыстыруға үйрету. Ойын шарты: Экскурсияда не көргендерің естеріне түсіріп айтып беру керек. Заттарды өз ара салыстырып беру керек.</p>	
«Мамандықтар»	<p>Ұ.ОҚ: Музыка Тақырыбы: «Мамандықтың бәрі жақсы» Мақсаты: Мамандық түрлері, қажеттілігі туралы әңгімелеу. Ән тыңдау: «Мен дәрігер боламын» Е.Өміров</p>	12.08

	<p>Ән айту: «Көп жаса анашым» Қ.Қайым Әуенді –ырғақты қимылды ойын: «Көңілді ырғақ» биі. (Итальян полькасы)</p>	
--	---	--

3-апта (15.08-19.08) Өнер көзі халықта		
«Қуыршақ театры»	<p>Ұ.ОҚ: Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: Жабайы алма (қуыршақ театры) Мақсаты: балалардың тілін дамыту, сөйлеу мәдениеті мен ой-өрісін, дүниетанымын жетілдіру; баланың қиялын, есте сақтауын, шығармашылық қабілетін дамыту; әлеуметтік және эмоциялық дамуына жағдай жасап, әр баланың жеке-дара әртістік, шығармашылық қасиеттерін ескере отырып, өзін қоршаған ортаға, адамдарға, құрбыларына, өзіне деген қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру; достыққа, татулыққа тәрбиелеу.</p> <p>Д/о: «Саусақтар серуендейді». Ойын шарты: - Балалар, саусақтар серуенге шығады, біз оларға жол көрсетейік. - Олар жолмен қалай жүреді? Топ-топ-топ. - Жаңбыр жауатын сияқты, саусақтар қалай жүгіреді: топ-топ, топ-топ, топ. - Енді саусақтар үйлеріне кіреді: ТЫҚ-ТЫҚ-ТЫҚ.</p>	15.08

«Қазақ ертегілері»	<p>Ұ.ОҚ: Құрастыру Тақырыбы: «Ақ қоян» (қалдық материалдармен жұмыс) Мақсаты: Қалдық материалдардан ақ қоянның бейнесін құрастыру қабілеттерін анықтау. Құрастыру бөлшектері туралы білімдерін, оларды түсі және шамасы бойынша тану қабілеттерін, құрастырымдылық дағдыларын бекіту</p> <p>Д/о: «Мекенін тап»</p> <p>Ойын шарты: Қай ертегілерде Қоян кездесетінін табу</p> <p>Ұ.ОҚ: Жаратылыстану Тақырыбы: «Жабайы аңдар» Мақсаты: Жабайы аңдардың тіршілік ететін аумағы туралы түсіндіре отырып, бұл аңдардың (күшті, сақ, епті) қасиеттері туралы түсіндіру. Жабайы жануарларды танып, атай білу және сыртқы ерекшеліктерін ажырата білу дағдыларын жетілдіру Жануарлар туралы бейнефильм көру</p>	16.08
«Құрастырғыштар мекені»	<p>Ұ.ОҚ: Сурет салу Тақырыбы: «Өз бетінше сурет салу»</p> <p>Мақсаты: Сурет үшін тақырыпты дербес тандай білу және бастаған істі соңына жеткізе білу дағдыларын бекіту. Елестету қабілетін дамыту, сурет салуға қажетті заттардың аттарын білуді бекіту.</p> <p>Коллаж құрастыру: «Менің өнерім»</p>	17.08

«Ою-өрнек күні»	<p>Ұ.ОҚ: Дене шынықтыру</p> <p>Тақырыбы:</p> <p>Мақсаты: (Негізгі қимылдар) Балаларды кедергілерді қозғамай еңбектеп өтуге, бөренелерден аттап өтуге үйрету. Жаттығу ережелерін жіне жаттығуларды толық орындауға баулу</p> <p>Д/о «Күн мен түн»</p> <p>Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу.</p> <p>Ойын шарты: Балалар бірі «Күн», екіншісі «Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір - бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші «Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма - кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді.</p>	18.08
«Ел іші өнер кеніші»	<p>Қоршаған ортаментаныстыру</p> <p>Тақырыбы:</p> <p>« Мен жасай аламын» (тәжірибелік жұмыс)</p> <p>Мақсаты: табиғат бұрышында қол еңбегіне тарта отырып, тұқымдарды отырғызу іскерліктерін, танымдық қызығушылықта-рын бекіту</p> <p>Пиктограмма әдісі арқылы сөйлем құрастыру</p>	19.08
4-апта (22.08-31.08) «Ғажайыптар әлемінде»		
«Балабақша үйіміз»	Ұ.ОҚ: Сөйлеуді дамыту	22.08

	<p>Тақырыбы: Балабақша – біздің екінші үйіміз.</p> <p>Мақсаты: 1. Балабақшада еңбек ететін адамдардың мамандықтарымен таныстыру (медбике, аспаз).</p> <p>2. Балабақшаның балаларды көп нәрселерге үйрететінін және жақсылыққа тәрбиелейтін орын екенін түсіндіру.</p> <p>3. Балабақшада еңбек ететін адамдардың еңбектерін бағалай білуге тәрбиелеу. Балаларды мейірімді болуға баулу.</p> <p>Д/о: «Ойыншықтарды тап!»</p> <p>Ойын шарты: Бөлмеде әр түрлі орында ойыншықтар жасырылады (екі бірдей биіктікте және тағы екі түрлі...). Белгі берілгенде балалар іздей бастайды. Ойыншықты тапқан соң, тәрбиешінің сол жағына тұрады. Олар көлемі бойынша қандай ойыншықтар тапқанын және бір-бірінен қалай ажыратылатындығын айтады. Мәселен, «екі бірдей шырша» және «қуыршақтың ұзын шаштысы қысқа шашты қуыршақтың қасында тұр».</p> <p>Дерек көзі: https://erketai.kz/ustazdar-enbegi/didaktikalyk-ojyндar-zhinagy/</p>	
«1,2,3 бойға жинап күш»	<p>Ұ.ОҚ: Жаратылыстану</p> <p>Тақырыбы: «Зерек балақай»</p> <p>Мақсаты: Балаларға ертегілер әлеміне еніп, жақсы көңіл күй сыйлау. Оларға қызықты тапсырмалар орындата отырып, тақпақтар, жұмбақтар, ертегілер арқылы тілін дамыту. Дыбыстарды түрлі екіпінде анық және дұрыс айту, сыбырлап және қатты айту. Интонацияларды ажырата алу және оларды айту. Таныс әдеби шығармалар негізінде кейіпкерлердің бейнелерін жасау.</p> <p>Д/о: «Кім тапқыр?»</p> <p>Мақсаты: сөздік қорын толықтыра отыра, шапшаңдылыққа баулу.</p> <p>Ойын шарты: сұрақтар қойылып балалар жауап береді.</p>	23.08
«Менің Қазақстаным»	<p>Ұ.ОҚ: Жапсыру</p> <p>Тақырыбы: «Менің елім»</p>	24.08

Мақсаты: Тәуелсіз еліміздің болашағы – жас ұрпақтар бойына Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттырып, туған жері мен елін сүйуге, оны қорғай білуге тәрбиелеу. Тақпақтар арқылы ой-өрісін кеңейту, сөздік қорын молайту, тілдерін дамыту.

Д/о: «Тұратын қалаңды ата».

Ойынның шарты: балалар дөңгелене шеңберге тұрады. Ойын бастаушы «Өз қалаңды ата!»-деп, допты бір балаға лақтырады. Бала жауабын айтып, келесі балаға лақтырады. Келесі бала ойынды одан әрі жалғастырады.

Ойын шарты:

Ұ.ОҚ: Сурет салу

Тақырыбы: «Менің елім – Қазақстан»

Мақсаты: Балалардың Қазақстан Республикасы жайында білімдерін кеңейту.

Балаларға сұқ саусақты бір түсті бояуға батыру, қағазға түсіріп болған соң ыдыстағы суға жуып, қағаз сүлгімен немесе ылғал шүберекпен сүрту керек екенін түсіндіру. Қазақстан жалауын әшекейлеуге, лайықты бояу таңдай білуге үйрету.

Балалардың қиялын, көркемдік талғамын дамыту. Бояу түстерін пайдалануға дағдыландыру. Балаларға Қазақстанның мемлекеттік жалауымен таныстыруды жалғастыра отырып, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, өз Отанына деген сүйіспеншіліктерін арттыра отырып, туған жері мен елін сүйуге, оларды қорғай білуге, патриоттық сезімге тәрбиелеу. сары, көк түс нені білдіретінің айту.

Әдіс – тәсілдер: түсіндіру, әңгімелеу, ойын, мақал – мәтел, сурет салу.

Д/о: «Суретші»

	<p>Ойын шарты: Тәрбиеші балаларға кез-келген геометриялық бейнені салуды ұсынады.</p> <p>(төртбұрыш,үшбұрыш,шаршы).Салуға арналған бейненің санын бала өзі таңдайды. Тапсырманы орындап біткеннен кейін тәрбиеші балалардың суреттерін жинап алып, суретте не салынғанын, қанша екенін естеріне түсіруді сұрайды. Егер бала есіне түсіре алмаса, алғашқы суреттерді қайтадан таза парақ бетіне салуды ұсынады.</p>	
«Атам менің шежіре»	<p>Ұ.ОҚ: Дене шынықтыру</p> <p>Тақырыбы: «Бір қатардан сапқа тұру»</p> <p>Мақсаты: Балаларды сыңарымен жүгіруге жаттықтыру.Тепе теңдік сақтап жүруге,ұзындыққа секіруге жаттықтыру.</p> <p>Қ/о «кім допты биік лақтырады»</p> <p>Ойын шарты: Допты аспандата лақтырып,қолды алға созып,қағып алады.</p>	25.08
«Ата заңым айбыным»	<p>Ұ.ОҚ: Музыка</p> <p>Тақырыбы: «Азат елдің ұранымыз»</p> <p>Мақсаты: Балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін оята отырып, ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Патриоттық сезімін ояту. Қазақстанның келешегі өздері екеніне көз жеткізу.</p> <p>Д/о: «Есте сақта»</p> <p>Ойын шарты: Балалар саны бойынша әр түрлі болатын бірдей заттар карточкасы (сурет) беріледі. Тәрбиеші 3-4 рет қол шапалақтағанда, сонша</p>	26.08

	нәрсесі бар карточканы көрсету керек.	
«Қош бол жайдарлы жаз»	<p>Ұ.ОҚ: Сурет салу Тақырыбы: «Қош бол жаз» Мақсаты: Жаз мезгілінің ерекшелігін басқа жыл мезгілдерімен салыстыру, жеміс - жидек, көкөністер туралы түсінік беру, балалардың жазғы демалысын көңілді өткізуге, ойын - сауыққа қызығушылықпен қатысуға дағдыландыру.</p> <p>Коллаж құрастыру: «Менің өнерім»</p>	31.08